

2026 жылғы қаңтар-сәуірде құрылыс жұмыстарының орындалуы және объектілерді пайдалануға беру туралы

Жариялау күні: 18.05.2026

Келесі жариялау күні: 17.06.2026

1. Түйінді тұстары
2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі
3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру
4. Глоссарий
5. Әдіснамалық түсініктемелер
6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер
7. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстары

2026 жылғы қаңтар-сәуірде орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 14,5% өсіп, 1739,5 млрд. теңгені құрады.

Республика бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінен жеке құрылыс ұйымдарымен 87,6%, шетелдік – 11,6%, мемлекеттік – 0,8% орындалды.

2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі

2026 жылғы қаңтар-сәуірде құрылыс жұмыстары көлемінің 2025 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда ұлғаюы имараттар (41,2%) мен құрылысы жұмыстары және жөндеу жұмыстарына байланысты.

2026 жылғы қаңтар-сәуірде орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) түрлері бойынша ең көп үлесті автомобиль, теміржолдары мен метролар (26,4%), тұрғын емес ғимараттар (жалпы көлемге 21,2%) және тұрғын үйлердің (11,3%) құрылысы алады.

Құрылыс жұмыстары көлемінің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Динамикалық кестелер:

[Айлар бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)

Аумақтық бөлінісінде республиканың он тоғыз өңірінде құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюы байқалады. Едәуір өсу Ұлытау (3,7 есе), Қызылорда (27,5%), Жамбыл (27,3%), Павлодар (27,2%), Батыс Қазақстан (17%), Ақтөбе (13,1%), және Шығыс Қазақстан облыстарында (12,7%), Шымкент (33%) және Алматы қалаларында (17%) байқалады.

Орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі

Барлығы, мың теңге	2026 жылғы сәуір, пайызбен	2026 жылғы қаңтар-сәуір	Республикалық көлемге пайызбен
--------------------	----------------------------	-------------------------	--------------------------------

		2026 жылғы наурызға	2025 жылғы сәуірге	2025 жылғы қаңтар- сәуірге, пайызбен	
Қазақстан Республикасы	1 739 462 042	68,5	114,0	114,5	100,0
Абай	34 355 334	119,7	118,4	105,8	2,0
Ақмола	47 941 765	131,9	217,3	103,3	2,8
Ақтөбе	67 995 940	89,0	122,3	113,1	3,9
Алматы	76 236 066	71,7	97,8	106,4	4,4
Атырау	123 215 086	72,4	90,8	101,9	7,1
Батыс Қазақстан	69 297 139	64,6	116,2	117,0	4,0
Жамбыл	74 816 339	30,6	74,2	127,3	4,3
Жетісу	50 775 359	109,2	95,3	89,9	2,9
Қарағанды	113 765 986	123,7	127,9	110,6	6,5
Қостанай	64 645 339	36,0	97,8	104,8	3,7
Қызылорда	68 885 830	76,5	141,2	127,5	4,0
Маңғыстау	89 241 229	53,8	69,4	104,6	5,1
Павлодар	68 039 576	77,7	128,6	127,2	3,9
Солтүстік Қазақстан	25 933 950	57,8	117,7	103,9	1,5
Түркістан	95 837 025	52,0	93,3	110,3	5,5
Ұлытау	69 442 788	366,6	789,3	372,0	4,0
Шығыс Қазақстан	87 730 683	97,7	107,7	112,7	5,0
Астана қаласы	259 019 108	56,6	105,8	108,2	14,9
Алматы қаласы	181 646 242	40,6	101,0	117,0	10,4
Шымкент қаласы	70 641 258	33,1	92,3	133,0	4,1


Электрондық кестелер:

[Құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі көрсеткіштері, соның ішінде объектілердің түрлері және жұмыстардың түрлері бойынша](#)
[Кәсіпорындардың мөлшерлігі бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)
[Технологиялық құрылымы бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)

3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру

Қазақстан Республикасында 2026 жылғы қаңтар-сәуірде пайдалануға берілген жаңа объектілердің жалпы алаңы 6334,1 мың шаршы метрді құрады.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің нақты көлем индексі



Динамикалық кестелер:

[Тұрғын үйлерді пайдалануға беру](#)

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 2025 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 4,9% көбейді, 5122,1 мың шаршы метрді құрады, олардан 3464,1 мың шаршы метр - көп пәтерлі және 1645,9


мың шаршы метр - жеке үйлер. Тұрғын үйлердің едәуір бөлігін – 4952,4 мың шаршы метрді немесе 96,7%-ын жеке құрылыс салушылар, оның ішінде, 1717,6 мың шаршы метрді халық пайдалануға берген.

Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы

	Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттар		Соның ішінде салушылармен				
	жалпы алаңшаршыметрмен	2025 жылғы қаңтар-сәуірге пайызбен	мемлекеттік меншік	жекеше меншік	олардан		шетел меншігі
					халықпен	2025 жылғы қаңтар-сәуірге пайызбен	
Қазақстан Республикасы	5 122 121	104,9	148 724	4 952 375	1 717 564	100,7	21 022
Абай	42 820	146,0	-	42 820	30 420	151,6	-
Ақмола	137 234	101,8	1 893	135 341	80 303	92,4	-
Ақтөбе	275 025	113,3	-	275 025	178 355	107,6	-
Алматы	400 769	104,2	12 229	388 540	245 855	105,5	-
Атырау	132 060	90,3	-	132 060	101 009	80,1	-
Батыс Қазақстан	128 273	102,2	10 253	118 020	81 123	117,9	-
Жамбыл	176 341	101,8	x	165 845	141 539	112,5	-
Жетісу	81 342	112,9	14 544	66 798	64 766	155,8	-
Қарағанды	79 775	105,9	-	79 775	18 776	106,9	-
Қостанай	156 487	100,1	71 153	85 230	29 142	79,6	x
Қызылорда	190 658	101,8	-	190 658	148 660	92,7	-
Маңғыстау	128 517	104,2	-	119 757	50 192	103,7	8 760
Павлодар	70 301	101,7	-	67 654	39 678	71,2	x
Солтүстік Қазақстан	46 320	105,3	-	46 320	45 555	106,9	-
Түркістан	238 876	105,6	-	238 876	230 621	126,2	-
Ұлытау	18 820	108,7	x	10 597	8 498	141,0	-
Шығыс Қазақстан	72 187	102,4	8 150	64 037	23 786	103,7	-
Астана қаласы	1 413 173	103,5	x	1 393 229	30 041	166,3	x
Алматы қаласы	977 831	106,8	-	976 481	87 908	65,9	x
Шымкент қаласы	355 312	110,0	-	355 312	81 337	71,5	-

2026 жылғы қаңтар-сәуірде білім беру және денсаулық сақтау саласында 11280 оқу орнына арналған 21 жалпы білім беретін мектеп, 1717 орынға арналған 17 мектепке дейінгі ұйымдар және ауысымда 65 келіп-кетушіге арналған 2 амбулаториялық-емханалық ұйымдар пайдалануға берілді.

Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді пайдалануға беру



Электрондық кестелер:

[Пайдалануға берілген объектілердің негізгі сипаттамалары](#)

[Пайдалануға берілген объектілер құрылысының нақты құны](#)

[Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру туралы \(пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы және пайдалы алаңы\)](#)

[Жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлерді пайдалануға беру](#)
[Тұрғын үйдің жалпы алаңы 1 шаршы метр құрылыстың орташа нақты шығындары](#)
[Халықтың 1000 адамына шаққандағы тұрғын үйлердің жалпы алаңын пайдалануға беру](#)
[Білім беру және денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға бер](#)

4. Глоссарий

Құрылыс-монтаж жұмыстары - ғимараттар мен имараттарды тұрғызу, кеңейту, реконструкциялау мен техникалық қайта жарақтандыру бойынша құрылыс жұмыстары; энергетикалық, технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстары.

Объектінің құрылысы - объектінің тәуелсіз бағалауды құрайтын барлық байланысты жабдықтар, құралдар, аспаптар, галереялар, жол өтпелерін, ішкі инженерлік желілер мен коммуникациялар жеке ғимарат немесе құрылымы, құрылыс (қайта жаңарту, кеңейту).

5. Методологиялық түсініктемелер

Құрылыс ұйымдарына жөндеу-құрылыс ұйымдарын қоса алғандағы, жалпықұрылыстық және мамандандырылған барлық ұйымдар жатады. Құрылыс ұйымдарының негізгі қызметі тапсырыс берушімен мердігерлік шарт бойынша мемлекеттік «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ)» сәйкес қызмет түрі «Құрылыс» қызметіне жататын жұмыстарды орындаудан тұрады.

Құрылыс жұмыстарының көлеміне жаңа объектілердің құрылысы, күрделі және ағымдағы жөндеу, қайта құру, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды жаңғырту, инженерлік имараттар жұмыстары кіретін жасалған мердігерлік құрылыс шарттары бойынша құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар орындаған жұмыстарының құны кіреді.

Құрылыс жұмыстар (қызметтер) көлемінің нақты көлем индексі шын мәніндегі бағада дефлятор есебімен (баға индексі) талданған кезеңнің орындалған құрылыс жұмыстар көлемінің өткен кезеңге арақатынасымен анықталады.

Тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) жалпы алаңы барлық тұрғын үйлердің жалпы алаңының және барлық тұрғын емес үй-жайлардың алаңының, сонымен қатар жалпы мүлік болатын тұрғын үй бөлігінің алаңының қосындысы болып есептеледі.

Методологиялық түсініктемелердің анығырақ ақпараты келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Құрылыс статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)
[«Құрылыс» саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымын анықтау бойынша әдістеме](#)

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[«Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі» статистикалық жинағы](#)

7. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Орындалған құрылыс жұмыстары \(көрсетілетін қызметтер\) туралы есеп» \(1-КСайлық\);](#)

[Статистикалық нысан «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» \(2-КС, айлық\);](#)

[Статистикалық нысан «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» \(1-ИС, айлық\);](#)

[«Талдау»/Құрылыс және инвестициялар ақпараттық-аналитикалық жүйе](#)
[Сапа бойынша есеп](#)

орта статистикасы департаменті	А.Исабекова Тел. +7 7172 749056	Тел. +7 7172 749313 E-mail: o.edel@aspire.gov.kz	Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4- кіреберіс
-----------------------------------	------------------------------------	---	--

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы